



Үй тапсырмасын тексеру



Ойланайық:

- 1. Мәтін кейіпкерлері кімдер?**
- 2. Шыңғысхан деген кім?**
- 3. Жошы хан деген кім?**
- 4. Кетбұға күйші деген кім?**



Өмірбаяны

- Шыңғыс хан (монғ. Чингис хаан), шын аты – Темучин (монғ. Тэмүжин) — Азияда тұңғыш біртұтас мемлекет кұрушы, өз заманының аса ірі әскери және мемлекет қайраткері. Ежелгі ру басшысы Есугей баһадүрдің отбасында туған.



Өмірбаяны

Жошы хан(1187-1227 жылдары) – Шыңғыс ханның

үлкен ұлы,

моңғол қолбасшысы. Моңғол шапқыншылығынан кейін

Қыпшақ даласында құрылған жаңа мемлекет -

Жошы ұлысының

негізін қалаушы, атақты Шыңғыс

ханның қоңыратқызы Берте бәйбішесінен туған төрт ұлдың

үлкені. Ол ересен күшті, ер жүрек, алған бетінен қайтпайтын

қайсар адам болған.



Өмірбаяны

Кетбұға (шамамен 1150 – 1225) – жырау, күйші, аңыз кейіпкер, қазақтың ұлы жыршысы, сазгер-күйшісі және халықтың тарихи аңыздарының кейіпкері. Оны көне дәуірдегі қазақ әдебиетінің негізін қалаушы деп те атайды. Кетбұға жыраудың өмірі мен шығармашылығы туралы деректер Түркі шежіресі кітабы мен халық аңыздарында кездеседі.



Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу



Шешен деген кім?

**Шешен- әрқашан шындықты
айтып, аз сөзге көп мағына
сыйғызатын, сөз тапқыш, сезімтал,
әділ адам.**

Жиренше шешен ауыз әдебиеті арқылы халық арасына атағы кеңінен жайылған адам.. Оның туған жылын, қайсы атадан шыққанын, өмір жолдарын дәл тауып айту мүмкін емес. Өйткені Жиренше шешен халық ауыз әдебиетіндегі Алдар Көсе, Қожанасыр тәрізді аңызға айналып кеткен бейне. Аңыз бойынша ол Әз Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген. Жиренше шешен сол Әз Жәнібектің сарай биі, шешені болыпты. Өйткені халық аузында да, тарихи шежірелерде де екеуінің есімі қатар аталып отырады.



Қарашаш сұлу Жиреншенің әйелі,
өте сұлу, ақылына көркі сай
болған.

Қарашаш та тарихта болған адам.
Бірақ өмірі туралы деректер жоқ.
Ол қашанда ақылдылығымен
Жиреншеге тірек болады,
ақылына ақыл қосып отырады.
Яғни екеуі де аңыз әңгімелер
кейіпкерлері.



Оқулықпен жұмыс.

Мәтінді оқу.



Ойлан, дәлелде:

I топ: Сөздікпен жұмыс.

II топ: Әңгімеден жұмбақтап сөйлесуді және оның шешуін тап.

III топ: Әңгімеден диалогты тап.

Кейіпкерлерге мінездеме:

I топ: Жиренше шешен

II топ: Қарашаш сұлу

III топ: Өздеріңе ұнаған кейіпкерге хат жаз.

Тест сұрақтары:

“Би” деген кім?

- а) сөзге шебер, ел мүддесін қорғайтын адам
- в) өз ойынан жыр шығаратын адам
- с) әнші , өнерлі адам

Аңыз-әңгіменің кейіпкерлері қайсы?

- а) Алпамыс, Қобыланды
- в) Ер Төстік, Аяз би, Керкұла атты Кендебай, Тазша бала
- с) Асан қайғы ,Жиренше, Қорқыт, Қожанасыр

Тест сұрақтары:

Жириенше кім?

- а) қазақтың ханы
- в) қазақтың шешені
- с) қазақтың ақыны

Жириенше шешен қай ханның тұсында өмір сүрген?

- а) Абылай ханның тұсында
- в) Жәнібек ханның тұсында
- с) Тәуке хан тұсында

Аңыз әңгімеде кейіпкер кім?

- а) адамдар
- в) жануарлар
- с) құстар

Тест сұрақтары:

Жиренше қандай үйде тұрды?

- а) қараша үйде
- в) ақ үйде
- с) зәулім үйде

Жиренше Қарашашқа неге қызықты?

- а) сұлулығына
- в) кедейлігіне
- с) ақылдылығына

Не білдім? Не ұқтым?

Үй тапсырмасы:

**Жиренше мен Қарашаш сұлу аңыз-әңгімесін
оқу**

Кейіпкерлерге хат жазу

Бағалау.